

ISSN 2518-1726 (Online),
ISSN 1991-346X (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ
НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Казахский национальный
университет имени аль-Фараби

N E W S

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
al-Farabi Kazakh National University

SERIES
PHYSICS AND INFORMATION TECHNOLOGY

2 (346)

APRIL – JUNE 2023

PUBLISHED SINCE JANUARY 1963

PUBLISHED 4 TIMES A YEAR

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

МУТАНОВ Ғалымқайыр Мұтанұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР БҒМ ҒК «Ақпараттық және есептеу технологиялары институты» бас директорының м.а. (Алматы, Қазақстан), **Н=5**

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:

МАМЫРБАЕВ Өркен Жұмажанұлы, ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D), ҚР БҒМ Ғылым комитеті «Ақпараттық және есептеуші технологиялар институты» РМК жауапты хатшысы (Алматы, Қазақстан), **Н=5**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

ҚАЛИМОЛДАЕВ Мақсат Нұрәділұлы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан), **Н=7**

БАЙГУНЧЕКОВ Жұмаділ Жанабайұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Кибернетика және ақпараттық технологиялар институты, Сатпаев университетінің Қолданбалы механика және инженерлік графика кафедрасы, (Алматы, Қазақстан), **Н=3**

ВОЙЧИК Вальдемар, техника ғылымдарының докторы (физика), Люблин технологиялық университетінің профессоры (Люблин, Польша), **Н=23**

БОШКАЕВ Қуантай Авгазыұлы, Ph.D. Теориялық және ядролық физика кафедрасының доценті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан), **Н=10**

QUEVEDO Nemandó, профессор, Ядролық ғылымдар институты (Мехико, Мексика), **Н=28**

ЖҮСПОВ Марат Абжанұлы, физика-математика ғылымдарының докторы, теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан), **Н=7**

КОВАЛЕВ Александр Михайлович, физика-математика ғылымдарының докторы, Украина ҰҒА академигі, Қолданбалы математика және механика институты (Донецк, Украина), **Н=5**

РАМАЗАНОВ Тілекқабұл Сәбитұлы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры, (Алматы, Қазақстан), **Н=26**

ТАКИБАЕВ Нұрғали Жәбағаұлы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан), **Н=5**

ТИГИНЯНУ Ион Михайлович, физика-математика ғылымдарының докторы, академик, Молдова Ғылым Академиясының президенті, Молдова техникалық университеті (Кишинев, Молдова), **Н=42**

ХАРИН Станислав Николаевич, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан-Британ техникалық университеті (Алматы, Қазақстан), **Н=10**

ДАВЛЕТОВ Асқар Ербуланович, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан), **Н=12**

КАЛАНДРА Пьетро, Ph.D (физика), Наноқұрылымды материалдарды зерттеу институтының профессоры (Рим, Италия), **Н=26**

«ҚР ҰҒА Хабарлары. Физика және информатика сериясы».

ISSN 2518-1726 (Online),

ISSN 1991-346X (Print)

Меншіктеуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 14.02.2018 ж. берілген **№ 16906-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *физика және ақпараттық коммуникациялық технологиялар сериясы.*

Қазіргі уақытта: *«ақпараттық технологиялар» бағыты бойынша ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журналдар тізіміне енді.*

Мерзімділігі: *жылына 4 рет.*

Тиражы: *300 дана.*

Редакцияның мекен-жайы: *050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19*

<http://www.physico-mathematical.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2023

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

МУТАНОВ Галимжаир Мутанович, доктор технических наук, профессор, академик НАН РК, и.о. генерального директора «Института информационных и вычислительных технологий» КН МОН РК (Алматы, Казахстан), **Н=5**

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

МАМЫРБАЕВ Оркен Жумажанович, доктор философии (PhD) по специальности Информационные системы, ответственный секретарь РГП «Института информационных и вычислительных технологий» Комитета науки МОН РК (Алматы, Казахстан), **Н=5**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

КАЛИМОЛДАЕВ Максат Нурадилович, доктор физико-математических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан), **Н=7**

БАЙГУНЧЕКОВ Жумадил Жанабаевич, доктор технических наук, профессор, академик НАН РК, Институт кибернетики и информационных технологий, кафедра прикладной механики и инженерной графики, Университет Сатпаева (Алматы, Казахстан), **Н=3**

ВОЙЧИК Вальдемар, доктор технических наук (физ.-мат.), профессор Люблинского технологического университета (Люблин, Польша), **Н=23**

БОШКАЕВ Куантай Авгазыевич, доктор Ph.D, преподаватель, доцент кафедры теоретической и ядерной физики, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан), **Н=10**

QUEVEDO Hemando, профессор, Национальный автономный университет Мексики (UNAM), Институт ядерных наук (Мехико, Мексика), **Н=28**

ЖУСУПОВ Марат Абжанович, доктор физико-математических наук, профессор кафедры теоретической и ядерной физики, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан), **Н=7**

КОВАЛЕВ Александр Михайлович, доктор физико-математических наук, академик НАН Украины, Институт прикладной математики и механики (Донецк, Украина), **Н=5**

РАМАЗАНОВ Глеккабул Сабитович, доктор физико-математических наук, профессор, академик НАН РК, проректор по научно-инновационной деятельности, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан), **Н=26**

ТАКИБАЕВ Нурғали Жабагаевич, доктор физико-математических наук, профессор, академик НАН РК, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан), **Н=5**

ТИГИНЯНУ Ион Михайлович, доктор физико-математических наук, академик, президент Академии наук Молдовы, Технический университет Молдовы (Кишинев, Молдова), **Н=42**

ХАРИН Станислав Николаевич, доктор физико-математических наук, профессор, академик НАН РК, Казахстанско-Британский технический университет (Алматы, Казахстан), **Н=10**

ДАВЛЕТОВ Аскар Ербуланович, доктор физико-математических наук, профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан), **Н=12**

КАЛАНДРА Пьетро, доктор философии (Ph.D, физика), профессор Института по изучению наноструктурированных материалов (Рим, Италия), **Н=26**

«Известия НАН РК. Серия физика и информатики».

ISSN 2518-1726 (Online),

ISSN 1991-346X (Print)

Собственник: *Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).*

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан **№ 16906-Ж** выданное 14.02.2018 г.

Тематическая направленность: *серия физика и информационные коммуникационные технологии.* В настоящее время: *вошел в список журналов, рекомендованных ККСОН МОН РК по направлению «информационные коммуникационные технологии».*

Периодичность: *4 раз в год.*

Тираж: *300 экземпляров.*

Адрес редакции: *050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, оф. 219, тел.: 272-13-19*

<http://www.physico-mathematical.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2023
Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

EDITOR IN CHIEF:

MUTANOV Galimkair Mutanovich, doctor of technical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, acting director of the Institute of Information and Computing Technologies of SC MES RK (Almaty, Kazakhstan), **H=5**

DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF

MAMYRBAYEV Orken Zhumazhanovich, Ph.D. in the specialty information systems, executive secretary of the RSE “Institute of Information and Computational Technologies”, Committee of Science MES RK (Almaty, Kazakhstan) **H=5**

EDITORIAL BOARD:

KALIMOLDAYEV Maksat Nuradilovich, doctor in Physics and Mathematics, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan), **H=7**

BAYGUNCHEKOV Zhumadil Zhanabayevich, doctor of Technical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, Institute of Cybernetics and Information Technologies, Department of Applied Mechanics and Engineering Graphics, Satbayev University (Almaty, Kazakhstan), **H=3**

WOICIK Waldemar, Doctor of Phys.-Math. Sciences, Professor, Lublin University of Technology (Lublin, Poland), **H=23**

BOSHKAYEV Kuantai Avgazievich, PhD, Lecturer, Associate Professor of the Department of Theoretical and Nuclear Physics, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan), **H=10**

QUEVEDO Hemando, Professor, National Autonomous University of Mexico (UNAM), Institute of Nuclear Sciences (Mexico City, Mexico), **H=28**

ZHUSSUPOV Marat Abzhanovich, Doctor in Physics and Mathematics, Professor of the Department of Theoretical and Nuclear Physics, al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan), **H=7**

KOVALEV Alexander Mikhailovich, Doctor in Physics and Mathematics, Academician of NAS of Ukraine, Director of the State Institution «Institute of Applied Mathematics and Mechanics» DPR (Donetsk, Ukraine), **H=5**

RAMAZANOV Tlekkabul Sabitovich, Doctor in Physics and Mathematics, Professor, Academician of NAS RK, Vice-Rector for Scientific and Innovative Activity, al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan), **H=26**

TAKIBAYEV Nurgali Zhabagaevich, Doctor in Physics and Mathematics, Professor, Academician of NAS RK, al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan), **H=5**

TIGHINEANU Ion Mikhailovich, Doctor in Physics and Mathematics, Academician, Full Member of the Academy of Sciences of Moldova, President of the AS of Moldova, Technical University of Moldova (Chisinau, Moldova), **H=42**

KHARIN Stanislav Nikolayevich, Doctor in Physics and Mathematics, Professor, Academician of NAS RK, Kazakh-British Technical University (Almaty, Kazakhstan), **H=10**

DAVLETOV Askar Erbulanovich, Doctor in Physics and Mathematics, Professor, al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan), **H=12**

CALANDRA Pietro, PhD in Physics, Professor at the Institute of Nanostructured Materials (Monterotondo Station Rome, Italy), **H=26**

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

Series of physics and informatics.

ISSN 2518-1726 (Online),

ISSN 1991-346X (Print)

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan **No. 16906-Ж**, issued 14.02.2018
Thematic scope: *series physics and information technology.*

Currently: *included in the list of journals recommended by the CCSES MES RK in the direction of «information and communication technologies».*

Periodicity: *4 times a year.*

Circulation: *300 copies.*

Editorial address: *28, Shevchenko str., of. 219, Almaty, 050010, tel. 272-13-19*

<http://www.physico-mathematical.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2023

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

NEWS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
PHYSICO-MATHEMATICAL SERIES
ISSN 1991-346X
Volume 2. Number 346 (2023). 154–171
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1726.191>

UDC 665.733.3: 519.816

© **M. Kabibullin¹, B. Orazbayev¹, K. Orazbayeva^{2*}, S. Iskakova³,
Zh. Amanbayeva³, 2023**

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan;

²Esil University, Astana, Kazakhstan;

³Atyrau Oil and Gas University, Atyrau, Kazakhstan.

E-mail: madyar_kabibullin@mail.ru

DEVELOPMENT OF MODELS OF UNITS OF COMPLEX CHEMICAL-TECHNOLOGICAL SYSTEMS UNDER CONDITIONS OF DEFICIENCY AND FUZZY OF INITIAL INFORMATION

Kabibullin M.D. — doctoral student of the Department of System Analysis and Control, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str.2A, Astana, Kazakhstan

E-mail: madyar_kabibullin@mail.ru. ORCID: 0000-0002-3972-7894;

Orazbayev B.B. — doctor of technical sciences, academician of the Engineering academy of the republic of Kazakhstan, professor of the department of System analysis and Control, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str.2A, Astana, Kazakhstan

E-mail: batyr_o@mail.ru. ORCID: 0000-0003-2109-6999;

Orazbayeva K.N. — doctor of technical sciences, professor of the department Management, Esil University, Zhubanov str.7, Astana, Kazakhstan

E-mail: kulman_o@mail.ru. ORCID: 0000-0002-1741-7553;

Iskakova S.Sh. — Candidate of Technical Sciences, Associate Professor of Information Technologies, Atyrau Oil and Gas University, Baymukhanov str.45A, Atyrau, Kazakhstan

E-mail: iskakova_sh@mail.ru. ORCID: 0000-0002-6589-854X;

Ananbayeva Zh.Sh. — Senior Lecturer of Information Technologies, Atyrau Oil and Gas University, Baymukhanov str.45A, Atyrau, Kazakhstan

E-mail: zhak-7777@mail.ru. ORCID: 0009-0005-2200-4453.

Abstract. Based on the methodology of system analysis, an integrated approach is developed in the work, which allows creating a system of models of interconnected aggregates of complex chemical-technological systems (CTS), characterized by a deficit and fuzziness of the initial information. The developed method is based on the evaluation of models that can be created for individual CTS units, using expert evaluation methods based on selected criteria, determining the most effective type of model and building it based on the available information. Based on the available information of a different nature, a block diagram of the proposed system method for creating models of CTS units is constructed and described. In the proposed

method, an effective model is created depending on the type of information of a different nature about the state and modes of operation of each unit and the value of the integral criteria for evaluating models. Then the created models are integrated into a single system of models, taking into account the interconnections of the CTS units and the flows of technological processes occurring in them. The proposed system method allows you to create deterministic models based on analytical methods, statistical models using experimental statistical methods and fuzzy or linguistic models using the methods proposed in this paper. Fuzzy models will be created in the form of fuzzy regression equations (when the input parameters of the object are clear, and linguistic models (when both the input and output parameters of the object are fuzzy will be developed based on the rules of logical conditional inference. The novelty of the proposed system method, which is being developed to create models of interconnected aggregates of CTS aggregates in conditions of scarcity and fuzziness of the initial information, lies in its synergistic effect and the emergence property, which make it possible to carry out system modeling of CTS.

Keywords: chemical-technological system, model system, fuzzy model, linguistic model, system method, membership function

© М.Д. Кабибуллин¹, Б.Б. Оразбаев¹, К.Н. Оразбаева^{2*}, С.Ш. Искакова³,
Ж.Ш. Аманбаева³, 2023

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Esil University, Астана, Қазақстан;

³С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті,
Атырау, Қазақстан.

E-mail: madyar_kabibullin@mail.ru

КҮРДЕЛІ ХИМИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР АГРЕГАТТАРЫНЫҢ МОДЕЛЬДЕРІН БАСТАПҚЫ АҚПАРАТТЫҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ МЕН АЙҚЫНСЫЗДЫҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА ҚҰРУ

Кабибуллин М.Д. — Жүйелік талдау және басқару кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2А, Астана қ., Қазақстан

E-mail: madyar_kabibullin@mail.ru. ORCID: 0000-0002-3972-7894;

Оразбаев Б.Б. — техника ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының академигі, Жүйелік талдау және басқару кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2А, Астана қ., Қазақстан
E-mail: batyr_o@mail.ru. ORCID: 0000-0003-2109-6999;

Оразбаева К.Н. — техника ғылымдарының докторы, Менеджмент кафедрасының профессоры, Esil University, Жұбанов көш. 7, Астана қ., Қазақстан
E-mail: kulman_o@mail.ru. ORCID: 0000-0002-1741-7553;

Искакова С.Ш. — техника ғылымдарының кандидаты, Ақпараттық технологиялар факультетінің қауымдасқан профессоры, С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті, Баймуханов көш. 45а, Атырау қ., Қазақстан
E-mail: iskakova_sh@mail.ru. ORCID: 0000-0002-6589-854X;

Аманбаева Ж.Ш. — Ақпараттық технологиялар факультетінің аға оқытушысы, С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті, Баймуханов көш. 45а, Атырау қ., Қазақстан
E-mail: zhak-7777@mail.ru. ORCID: 0009-0005-2200-4453.

Аннотация. Жұмыста жүйелік талдау методологиясы негізінде бастапқы ақпараттарының тапшылығы және айқын еместігімен сипатталатын күрделі химиялық-технологиялық жүйелердің (ХТЖ) өз ара байланысқан агрегаттарының модельдер жүйесін құруға мүмкіндік беретін кешенді тәсіл жасақталады. Жасақталатын тәсіл ХТЖ-дің жеке агрегаттарына құрылуы мүмкін модельдерін таңдалған критерийлер негізінде эксперттік бағалау тәсілі арқылы бағалап, ең тиімді модель түрін анықтап, оны қол жетімді ақпарат негізінде құруға негізделеді. Қолжетімді әр түрлі сипаттағы ақпарат негізінде ХТЖ агрегаттарының модельдерін құру үшін ұсынылатын жүйелік тәсілдің блок-сызбасы тұрғызылып, сипатталады. Ұсынылатын тәсілде әр агрегаттың күйі мен жұмыс режимдері жайлы түрлі сипаттағы ақпараттың түріне және модельдерді бағалаудың интегрленген критерийлерінің мәніне байланысты тиімді модель құрылады. Содан кейін құрылған модельдер ХТЖ-дің агрегаттарының өз ара байланыстың мен оларда жүретін технологиялық процесстердің ағындарын ескере отырып бір модельдер жүйесіне біріктірілді. Ұсынылатын жүйелік тәсіл аналитикалық тәсілдер негізінде детерминдік модель, эксперименталдық-статистикалық тәсілдері көмегімен статистикалық модельдер және осы жұмыста ұсынылатын тәсілдер көмегімен айқын емес немесе лингвистикалық модельдер құруға мүмкіндік береді. Айқын емес модель (нысанның кіріс параметрлері айқын, ал шығыс параметрлері айқын емес болғанда) айқын емес регрессиялық теңдеулер түрінде, ал лингвистикалық модельдер (нысанның кіріс және шығыс параметрлері айқын емес болғанда) логикалық шартты қорытындалау ережелері негізінде құрылатын болады. Ұсынылатын ХТЖ-дің өз ара байланысқан агрегаттарының модельдерін бастапқы ақпарат тапшылығы мен айқынсыздығы жағдайында құруға әзірленетін жүйелік тәсілдің жаңашылдығы оның ХТЖ-ді жүйелік модельдеуге мүмкіндік беретін синергизм эффектісі мен эмердженттік қасиетінің болуында.

Түйін сөздер: химиялық-технологиялық жүйе, модельдер жүйесі, айқын емес модель, лингвистикалық модель, жүйелік тәсіл, тиістілік функция

© М.Д. Кабибуллин¹, Б.Б. Оразбаев¹, К.Н. Оразбаева^{2*}, С.Ш. Искакова³,
Ж.Ш. Аманбаева³, 2023

¹ Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан;

² Esil University, г. Астана, Казахстан;

³ Атырауский университет нефти и газа им. С. Утебаева, Атырау, Казахстан.
E-mail: madyar_kabibullin@mail.ru

РАЗРАБОТКА МОДЕЛЕЙ АГРЕГАТОВ СЛОЖНЫХ ХИМИКО- ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ СИСТЕМ В УСЛОВИЯХ ДЕФИЦИТА И НЕЧЕТКОСТИ ИСХОДНОЙ ИНФОРМАЦИИ

Кабибуллин М.Д. – докторант кафедры Системного анализа и управления Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева 2А, Астана, Казахстан
E-mail: madyar_kabibullin@mail.ru. ORCID: 0000-0002-3972-7894;

Оразбаев Б.Б. – академик Инженерной академии Республики Казахстан, профессор кафедры Системного анализа и управления, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева 2А, Астана, Казахстан
E-mail: batyr_o@mail.ru. ORCID: 0000-0003-2109-6999;

Оразбаева К.Н. – доктор технических наук, профессор кафедры Менеджмента, Esil University, ул. Жубанова 7, Астана., Казахстан
E-mail: kulman_o@mail.ru. ORCID: 0000-0002-1741-7553;

Искакова С.Ш. – кандидат технических наук, ассоциированный профессор факультета Информационных технологий, Атырауский университет нефти и газа имени С. Утебаева, ул. Баймухановаш. 45а, Атырау, Казахстан
E-mail: iskakova_sh@mail.ru. ORCID: 0000-0002-6589-854X;

Аманбаева Ж.Ш. – старший преподаватель факультета Информационных технологий, Атырауский университет нефти и газа имени С. Утебаева, ул. Баймуханова, 45а, Атырау, Казахстан
E-mail: zhak-7777@mail.ru. ORCID: 0009-0005-2200-4453.

Аннотация. В работе на основе методологии системного анализа разрабатывается комплексный подход, позволяющий создать систему моделей взаимосвязанных агрегатов сложных химико-технологических систем (ХТС), характеризующиеся дефицитом и нечеткостью исходной информации. Разрабатываемый метод основан на оценке моделей, которые могут быть созданы для отдельных агрегатов ХТС с использованием методов экспертной оценки на основе выбранных критериев, определении наиболее эффективного типа модели и построении ее на основе имеющейся информации. На основе доступной информации различного характера строится и описывается блок-схема предлагаемого системного метода создания моделей агрегатов ХТС. В предлагаемом методе эффективная модель создается в зависимости от вида информации разного характера о состоянии и режимах работы каждого агрегата и значения интегральных критериев оценки моделей. Затем созданные модели интегрируются в единую систему моделей с учетом взаимосвязей агрегатов ХТС и потоков протекающих в

них технологических процессов. Предлагаемый системный метод позволяет создать детерминированные модели на основе аналитических методов, статистических моделей с использованием экспериментально-статистических методов и нечетких или лингвистических моделей с использованием методов, предложенных в данной работе. Нечеткие модели будут создаваться в виде уравнений нечетких регрессий (когда входные параметры объекта четкие, а лингвистические модели (когда и входные, и выходные параметры объекта нечеткие) будут разработаны на основе правил логического условного вывода. Новизна предлагаемого системного метода, разрабатываемого для создания моделей взаимосвязанных агрегатов агрегатов ХТС в условиях дефицита и нечеткости исходной информации, заключается в его эффекте синергизма и свойстве эмерджентности, позволяющие проводить системное моделирование ХТС.

Ключевые слова: химико-технологическая система, система моделей, нечеткая модель, лингвистическая модель, системный метод, функция принадлежности

Кіріспе

Мұнай өңдеу, химия, металлургия тағы басқа өндіріс салаларының негізгі технологиялық процесстері күрделі химиялық-технологиялық жүйеде (ХТЖ) жүреді. Мұндай ХТЖ шикізатты дайындауға, химиялық түрлендіруге, аралық және мақсаттық өнімдерді алуға арналған технолологиялық процесстердің тізбегі жүретін өз-ара байланысқан, біртұтас жүйе ретінде жұмыс жасайтын агрегаттардың жиынтығы болып табылады. Әдетте өндірістік жағдайда ХТЖ-дің математикалық модельдерін құрып, оптимизациялауға және басқаруға қажетті ақпараттардың тапшылығы және айқынсыздығымен сипатталады (Липин, 2018; Плановский, 2020; Ушева, 2019). Математикалық модельдеу ХТЖ-ді зерттеу, олардың жұмыс режимдерін оптимизациялау және басқару үшін қолданатын негізгі тәсілдердің бірі болып табылады. Қазіргі компьютерлік техниканың дамыған кезінде математикалық модельдер негізінде компьютерлік модельдеу ХТЖ-дің оптималды жұмыс режимдерін табудың, оларды басқарудың ең тиімді, көрнекті және көрнекі құралы ретінде саналады (Ovechkin, 2018; Orazbayev, 2018). ХТЖ-дің оптималды жұмыс режимдерін анықтау және тиімді басқару үшін, олардың өз ара байланысқан агрегаттарының модельдері пакетін қолдану қажет.

Ғылыми әдебиеттерде осы кезге дейін ХТЖ-дің өз ара байланысқан агрегаттарының модельдерінің пакетін анықсыздық жағдайда құру сұрақтары әлі де толықтай зерттеліп шешілмеген мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан бұл жұмыстың негізгі мақсаты бастапқы ақпараттың тапшылығымен және айқынсыздығымен сипатталатын күрделі ХТЖ-дің өз ара байланысқан агрегаттарының модельдерін құрып, бір пакетке біріктіру сұрақтарын зерттеп, оларды шешудің жүйелі тәсілін ұсыну болап табылады.

ХТЖ-дің түрлі агрегаттарының құру сұрақтары зерттелген жұмыстар талдау жасап, оларда шешілмей қалған сұрақтарды қарастырайық. Мұнай өңдеу және басқа өндіріс салаларының түрлі ХТЖ-нін математикалық модельдеу сұрақтары Кафаров тағы басқалары (Kafarov, 2018), Жоров (Zhorov, 2015) және Mohaddec (Mohaddecu, 2006) еңбектерінде қарастырылған. Бұл және тағы басқа зерттеулерде каталитикалық риформинг және басқа ХТЖ агрегаттарында өтетін типтік процесстердің теориялық зерттеулер мәліметтері мен процесстердің кинетикасына негізінде детерминді модельдері ұсынылған. Бұл жұмыстарда зерттелген ХТЖ-дің жеке агрегаттары мен элементарлық процесстердің детерминді модельдері масса және энергия сақталу заңдарына негізделгендіктер әмбебап болып табылады және олардың артықшылықтарына жатады. Алайда мәселе мынада, аталған модельдер тек типтік процесстерді сипаттайды және олар агрегаттардың байланыстары мен өз ара әсерлерін, сондай-ақ бастапқы ақпараттың тапшылығы мен айқынсыздығын ескермейді. Сондықтан мұндай модельдерді оларды құруға қажетті ақпарат жетіспеушілігі мен айқынсыздығы жағдайында құру мүмкін емес және мұндай модельдер ХТЖ жұмысын жүйеле модельдеуге жарамсыз.

Pinheiro және басқалары каталитикалық риформинг процесі жүретін ХТЖ-нің риформингтеу реакторының жұмысын модельдеу мен басқару тәсілдерін өздерінің зерттеулерінде ұсынған (Pinheiro, 2018). Бірақ бұл жұмыста риформинг реакторының моделі каталитикалық риформинг процесі жүретін ХТЖ-нің пеші, колонналары сияқты басқа агрегаттарымен байланысын ескермейді. Сондықтан аталған жұмыста ұсынылған риформинг реакторының моделі ол реактор жұмысын модельдеу мен оптимизациялауға жарамды болғанымен, тұтастай каталитикалық риформинг қондырғысының жұмысын жүйелі модельдеу мен оптимизациялауға жарамсыз. Стохастикалық тәсілдеме негізінде ХТЖ технолоргиялық агрегаттарын басқару тәсілдері Coleman және Babu (Coleman, 2018) жұмыстарында зерттелген. Ал Bequette еңбегінде (Mircea, 2019) статистикалық модельдер негізінде ХТЖ-дің түрлі агрегаттарында өтетін технологиялық процесстерді басқару мәселелері зерттелген. Мұндай статискалық модельдер күрделі нысандар жұмысын оптимизациялау мен басқаруға жарамды. Мұндай модельдерді құру үшін нысандардың жұмысы жайында сенімді статистикалық деректердердің массивы, мұндай деректерді жинау үшін көптеген эксперименттер жүргізу және оларды дұрыс өңдеу қажет. Алайда айқынсыздықпен сипатталатын Атырау мұнай өңдеу зауыты каталитикалық риформинг қондырғысы сияқты көптеген күрделі ХТЖ үшін мұндай эксперименттер, модель құруға қажетті кейбір маңызды параметрлер өлшенбейтіндіктен, мүмкін емес.

ХТЖ жеке агрегаттарының жұмыс режимдерін оптимизациялауға мүмкіндік беретін және ол агрегаттардың модельдеріне негізделген түрлі басқару жүйелері белгілі. Мысалы (Keller, 2020) жұмыстың авторлары модельдер негізінде крекинг реакторлары шығысындағы температураның оптималды

таралуын анықтауға мүмкіндік беретін каталитикалық процесстерді басқару жүйесін жасақтаған, ал Gumen (Gumen, 2019) каталитикалық риформинг қондырғысының тұрақтандыру блогында бензин сапасын басқару жүйесін ұсынған. Модельдер негізінде ХТЖ-де жүретін технологиялық процесстерді жағдаяттық басқаруды қодану сұрақтарын Поспелов (Pospelov, 2018) жұмысында қарастырылған. Қарастырылған басқару жүйелері ХТЖ-дің агрегаттарының жұмыс режимдері мен оларда жүретін процесстерді детерминдіә немесе стохастикалық жағдайларда оптимизациялауға мүмкіндік береді, бірақ ол модельдер мен басқару жүйелері бастапқы ақпараттардың айқынсыздығы жағдайларында тиімсіз немесе жарамсыз.

Dzhambekov тағы басқалары (Dzhambekov, 2018), Keller мен Gorak (Keller, 2019) және Алиев тағы басқалары (Алиев, 2018) жұмыстарында бастапқы ақпараттың кей бөлігінің айқынсыздығы жағдайында ХТЖ агрегаттарының модельдерін құру және олардың негізінде агрегаттардың жұмыс режимдерін басқару тәсілдемелері зерттеліп, ұсынылған. Бұл ұсынылған тәсілдемелері эксперттік бағалау және айқын емес жиындар тәсілдерін қолдануға негізделген. Бұл тәсілдер нысанның шығыс параметрлері айқын емес, ал кіріс параметрлері айқын болған жағдайларда α деңгейлі жиындар негізінде нысандардың айқын емес модельдерін құруға мүмкіндік береді. Бірақ бұл және омы сияқты тәсілдерде нысанның барлық кіріс және шығыс параметрлері айқынсыз болғанда ол нысандардың лингвистикалық модельдерін құру сұрақтары ашшылмаған. Ал шынайы практикада көптеген ХТЖ-дің лингвистикалық модельдерін құруға тура келеді. Соныме, қатар аталған (Dzhambekov, 2018; Keller, 2019; Алиев, 2018) жұмыстарында ХТЖ-дің өз ара байланысқан агрегаттарының модельдері пакеттерін құру сұрақтары қарастырылмаған.

Сонымен зертеу жұмытарын талдау нәтижелері ХТЖ-дің жеке агрегаттарының математикалық модельдерін құрудың белгілі тәсілдері дәстүрлі аналитикалық және эксперименталдық-статистикалық тәсілдеріне негізделген, ХТЖ агрегаттарының өз ара байланысқан модельдер пакетін құру және оларды жүйелі модельдеу мәселелерін шешпейді. Бұл мәселелерді шешу үшін жүйелік талдау, эксперттік бағалау және айқын емес жиындар тәсілдеріне негізделген, күрделі айқынсыздықпен сипатталатын ХТЖ-дің жұмыс режимдерін модельдеу мен оптимизациялаудың жүйелі тәсілін құрып, қолдану қажет. Бұл жұмыс ХТЖ өз ара байланысқан агрегаттарының модельдері пакетін құруға мүмкіндік беретін жүйелі тәсілді құруға бағытталған. Жеке технологиялық нысандардың модельдерін құрудың белгілі тәсілдерінен ұсынылатын жүйелік тәсілдің айырмашылығы, ол қол жетімді түрлі сипаттағы ақпараттар негізінде ХТЖ-дің өз ара байланысқан агрегаттарының модельдер пакетін құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ұсыныллатын жүйелік тәсіл ХТЖ агрегаттарының белгілі математикалық модельдермен қатар айқын емес, лингвистикалық, гибридтік модельдерін құрып, бір пакетке біріктіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері және тәсілдері

Зерттеу мақсаты ХТЖ жұмысын жүйелі модельдеу үшін, олардың өз ара байланысқан агрегаттарының модельдері пакетін бастапқы ақпараттың жетіспеушілі және айқынсыздығы жағдайында құруға мүмкіндік беретін жүйелі тәсіл жасақтау. Қойылған мақсатқа жету үшін келесі зерттеу міндеттері қойылып шешіледі:

ХТЖ жеке агрегаттарының құрылуы мүмкін модельдері түрін анықтау және оларды тиімді құру тәсілдерін таңдау не жасақтау;

ХТЖ агрегаттары жағдайы, жұмыс жайындағы бастапқы ақпараттың айқынсыздығы деңгейіне байланысты, олардың модельдерін құру әдістемесін анықтау;

Агрегаттардың нақты бір моделін құруға қажетті ақпараттың тапшылығы жағдайында, қол жетімді түрлі ақпарат негізінде олардың гибриді, құрымдалған моделін құру әдістемесін ұсыну;

Түрлі қол жетімді ақпарат негізінде құрылатын жеке агрегаттардың модельдерін бір модельдер пакетіне біріктіру принципін әзірлеу.

Зерттеу барысында ХТЖ-дің жеке агрегаттарының модельдерін құруда олардың жұмысы мен жағдайын сипаттайтын қол жетімді ақпараттың түріне байланысты модель құрудың түрлі белгілі тәсілдері, және ақпараттың тапшылығы мен айқынсыздығы жағдайында осы жұмыста жүйелендіріліп, ұсынылған тәсілдер қолданылады.

Жұмыста ХТЖ агрегаттары жұмыс жайында теориялық мәліметтер не статистикалық деректер жеткілікті болса, сәйкесінше детерминді модель құруға арналған аналитикалық тәсілдер (Кафаров, 2018; Жоров, 2015; Sharikov, 2018) мен эксперименталдық-статистикалық тәсілдер (Zhi-Wen, 2018; Карманов, 2019) пайдаланылады. Ал айқын емес эксперттік ақпаратты алу және өңдеу үшін эксперттік бағалау тәсілдері (Гуцыкова, 2017; Jorgensen, 2019; Sabzi, 2017) мен айқын емес жиындар теориясының тәсілдері (Рыжов, 2017; Zimmermann, 2018) қолданылады. Сонымен қатар бұл жұмыста түрлі сипаттағы ақпараттар негізінде модельдер пакетін құру және жүйелік модельдеуді қамтамасыз ету үшін жүйелік талдау тәсілдері де қолданылған (Pavlov, 2016; Reverberi, 2019).

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу барысында каталитикалық риформинг блогы сияқты күрделі және кейбір параметрлері айқынсыздықпен сипатталатын ХТЖ-дің өз ара байланысқан агрегаттарының модельдері пакетін құру тәсілін қарастырып, сипаттамасын иелендірілді.

Заманауи компьютерлер көмегімен ХТЖ жұмыс режимін модельдеу арқылы олардың түрлі жұмыс режимдерінің нәтижелерін жылдам және қажетті дәлдіпен анықтауға және оларды басқаруға болады. Мұндай компьютерлік жүйелер көмегімен ХТЖ-ден алынатын өнімдердің көлемі мен сапаларын есептеуге, сондай-ақ оларды жақсартудың резервтерін анықтауға

болады. Ол үшін әрине ХТЖ-ді жүйелі модельдеу қажет, ал оны жүзеге асыру үшін зерттелетін ХТЖ-дің жеке агрегаттарының бір пакетке біріктірілген модельдер жүйесін тұрғызу керек.

Бірінші кезекте зерттеу нәтижесін алуға қажетті шарттар мен негіздемелерді келтірейік. Әдетте математикалық модельдер, құрылатын модельді қанлай мақсатқа қолданалытына, яғни модельдеу мақсатына байланысты жасақталады. Сондықтан ХТЖ-дің модельдер пакетін құру процесінде ол модельдердің жүйелі модельдеу арқылы ХТЖ-де алынатын мақсаттық өнімдердің шығысын барынша арттыру және олардың сапа көрсеткіштерін жақсартуға жарамдығын ескерген жөн. Сонымен қатар басқару критерийлері ретінде өндірістің экологиялық көрсеткіштері және басқалары да анықталуы мүмкін. Сол себептен құрылатын модель, қойылған шектеулерді ескере отырып, өндірісті басқару критерийлер векторы бойынша тиімді шешім қабылдауды қамтамасыз етуі шарт..

Модельдеу мақсаты, басқару критерийлері және шектеулер анықталғаннан анықталған кейін ХТЖ-дің әр агрегаттарының модельдерін құру мәселесі туындайды. Бұл жерде нысанның нақты моделі сол модельді құруға қажетті ақпараттыр жеткілікті болғанда құрылуы мүмкін екен атап өткен жөн. Ол ақпараттар негізінде зерттеу нысанының модельдерін құрылымдық және параметрлік идентификациялау есептері шешіледі.

Бастапқы ақпараттардың тапшылығы мен айқынсыздығы жағдайында күрделі ХТЖ-дің өз ара байланысқан агрегаттарының модельдері пакетін құруға ұсынылған жүйелік тәсілінің негізгі кезеңдерінің блок-сызбасы сурет 1-де келтірілген.

Ұсынылған жүйелі тәсілді негізгі блоктары бойынша жете сипаттамасын келтірейік.

Тәсілдің 2-ші блогында зерттелетін ХТЖ-нің күйі, оның жұмысы жайлы ақпарат, оның жұмыс режиміне, шығысына әсер ететін кіріс, режимдік параметрлері векторы $\mathbf{x} = (x_1, \dots, x_n)$ анықталып, ендіріледі. Сонымен қатар бұл блокта ХТЖ-нің және оның агрегаттарының бақыланытын, басқарылатын шығыс параметрлері, оның жұмыс сапасын сипаттайтын критерийлер векторы $\mathbf{y} = (y_1, \dots, y_m)$ анықталады. Шынайы өндірістік жағдайда аталған векторлардың бір бөлігі не толықтай айқын емес, яғни $\tilde{\mathbf{x}} = (\tilde{x}_1, \dots, \tilde{x}_n)$ және $\tilde{\mathbf{y}} = (\tilde{y}_1, \dots, \tilde{y}_m)$ болуы мүмкін.

3 және 4 блоктарда ХТЖ мен оның агрегаттары (элементтері) сипаттамалы мен байланыстарын жүйелік талдау, модельдеу мақсатын, сондай-ақ әр агрегатқа құрылуы мүмкін және тиімді болатын модельдерді бағалдау критерийлерін анықтау жүзеге асырылады.

5-ші блокта алдыңғы блокта анықталған критерийлер негізінде ХТЖ агрегаттарының құрылуы мүмкін модельдер типін эксперттік бағалау арқылы әр агрегатқа құрылуы тиімді модель типін таңдау орындалады.

6-шы блоктан ХТЖ агрегаттарының қол жетімді ақпарат сипатына

байланысты таңдалған тиімді модельдерін құру процедурасы басталады. Қай агрегатқа қандай модель типін құру тиімді екенін анықтау үшін эсперттік бағалау нәтижелері баллдық жүйеде анықталатындықтан, әр агрегатқа әр модельдің бағалары қосылып, интегрленген критерийдің мәні анықталады. Содан кейін келесі шарттар тексеріледі.

Егер теориялық мәліметтер модель құруға жеткілікті және интегрленген критерий мәні бойынша детерминді модель максималды мәнге ие болса (блок 7), онда аналитикалық тәсілдер көмегімен ХТЖ-нің қарастырылған агрегатының детерминді моделі құрылады (блок 8).

Детерминді модель құру мүмкін емес немесе тиімсіз болса 9-шы блокта келесі шарт тексеріледі.


